

Зайсан қаласының сауда-экономикалық дамуына үлес қосқан кәсіпкерлер (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)

Тоты А. Кариева¹, Ұлжан С. Сайранбекова^{2*}

¹ Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ КеАҚ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығы, (Астана, Қазақстан)

² Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімінің №50 IT-мектеп лицейі, (Семей, Қазақстан)

E-mail: karieva77@mail.ru¹

¹<https://orcid.org/0000-0003-1814-4208>

E-mail: uljan0202@mail.ru²

²<https://orcid.org/0000-0002-4806-5984>

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басындағы Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік қызметті талдауға және зерттеуге бағытталған. Шығыс Қазақстан аумағында орналасқан Зайсан қаласы кәсіпкерлік тарихынан мол деректер береді. Бұл кезеңде Шығыс Қазақстан аймағында орналасқан Семей, Өскемен, Зайсан, Көкпекті сияқты қалалар мен ірі елді-мекендер ірі сауда орталықтарына айналды. Өйткені өңір аталған кезеңде аймақтағы маңызды сауда-экономикалық орталықтардың бірі болды.

Зерттеуге қаланың географиялық орналасуы, оның үстінен, су жолы да бар, сауда жолдарының өтуі және басқа аймақтармен байланысы сияқты Зайсандағы кәсіпкерліктің дамуына ықпал еткен факторларды талдау кіреді. Сонымен бірге, кәсіпкерліктің дамуына әсер еткен саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, оның ішінде демографиялық және өңірдің ұлттық құрылымындағы өзгерістер де қарастырылды.

Зерттеуде Зайсанның экономикалық өміріндегі кәсіпкерлер мен кәсіпшіліктің алатын орны, олардың қала және бүтіндей аймақтың дамуына қосқан үлестері талданды. Кәсіпкерлердің білім беру ісі, мәдениетті көтеру сияқты салаларға және т.б қатысты меценаттық қызметтеріне де ерекше назар аударылды.

Түйін сөздер: Зайсан, кәсіпкерлік, сауда, көпестер, жәрмеңке, татарлар, тарих, экономика, тұлға, мәдениет

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының отарлық аймағы ретінде саяси және экономикалық тұрғыдан метрополияға толықтай тәуелді болды. Осы кезеңде өңірде нарықтық қатынастардың дамуына байланысты кәсіпкерлік қызмет маңызды рөл атқара бастады және капиталистік қатынастар жүйесіне тартылды. Шығыс Қазақстан аумағындағы қалалар мен ірі елді мекендер Ресейдің Шыңжаң, Тибет, Моңғолия сияқты аймақтармен экономикалық байланысын нығайтатын маңызды сауда орталықтарына айналды. Орта Азия мен Сібір бағытында өз аумағын кеңейткен Ресей империясы бұл өңірлерді жылдам игеруді және елдің бірыңғай экономикалық айналымына қосуды стратегиялық мақсат етті.

Қазақстанның Шығыс өңірі геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, этно-демографиялық және мәдени тұрғыдан маңызды аймақ болып табылады. Азия мен Еуропаны байланыстыратын ірі сауда жолдарының тоғысында орналасқан бұл өңір тарихи тұрғыдан маңызды сауда және мәдени алмасу орталығы қызметін атқарды. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жергілікті кәсіпкерліктің дамуын зерттеу және оған объективті баға беру қажеттілігі туындайды.

Зайсан қаласы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында аймақтың сауда-экономикалық дамуында маңызды орын алды. Осы кезеңде қаланың экономикасы мен әлеуметтік құрылымына елеулі әсер еткен кәсіпкерлік құрылымдар қалыптасты. Алайда патша үкіметінің қазақ жерін шикізат көзі, тауар өткізу нарығы және арзан жұмыс күші ретінде қарастыруы бұл өңірдегі кәсіпкерліктің отарлық сипатта дамуына ықпал етті.

Бұл мақалада зерттеліп отырған тақырыптың экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілері қарастырылады. Қазақстандағы сауда қызметінің Ресей империясымен ықпалдасу механизмдері мен оның салдары талданып, өңірдегі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер анықталады. Сонымен қатар, аймақтағы сауда ісінің жергілікті халықтың әлеуметтік құрылымына және мәдени дамуына ықпалы зерттеледі. Кәсіпкерлікті зерттеу тәжірибесі - қазіргі кезеңде де өзекті. Себебі, нарықтың қарқынды дамуы қашанда оның тұрақты серігі – кәсіпкерліктің өркендеуімен байланысты.

Материалдар мен әдістер

XIX ғасырдың екінші жартысы мен – XX ғасырдың басындағы Зайсан өңірінің экономикалық дамуы мен көпестердің рөлін зерттеу барысында тарихи үдерістерді кешенді талдауға негізделген ауқымды дереккөздер пайдаланылды. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысында әртүрлі құжаттық материалдар, оның ішінде архив және музей қорларының материалдары қолданылды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) №64 қоры ерекше назарға алынды. Құжат өңірдің сауда қызметі мен экономикалық дамуы туралы маңызды мәліметтер береді.

Абай облыстық мемлекеттік архивінің (АОМА) қоры: №48 қоры Зайсан өңірінің жергілікті басқару жүйесіне, экономикалық өміріне, соның ішінде сауда және кәсіпкерлік қызметке қатысты құжаттарды қамтиды.

Зайсан тарихи-өлкетану мұражайының материалдары: Зерттеуде белгілі саудагерлердің ұрпақтарының естеліктері қолданылды. Олардың ішінде Х. Бекмұхамедова (П. Бобкиннің немересі), Г. Байсалова (К. Бабаевтың немересі), бар. Бұл дереккөздер Зайсан өңірінің саудагерлік қауымының күнделікті өмірін, экономикалық мүдделерін және әлеуметтік белсенділігін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музей деректері, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік ғалымдардың өңір тарихына арналған зерттеулері мен шолулары архив материалдарын толықтыратын маңызды дереккөзі болып табылады.

Зерттеуде тарихи ғылымның түрлі әдістері қолданылды: Тарихи-салыстырмалы әдіс – Зайсан өңірінің экономикалық дамуын Қазақстан мен

Орталық Азияның басқа өңірлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Тарихи-генетикалық әдіс – экономикалық және әлеуметтік үдерістердің уақыт өте өзгеруін және дамуын зерделеу үшін пайдаланылды. Тарихи-биографиялық әдіс – саудагерлердің өмірі мен қызметін қайта қалпына келтіруге бағытталды. Тарихи-жүйелік әдіс – экономикалық және әлеуметтік үдерістердің өзара байланысын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу объективтілік және ғылыми негізділік қағидаттарына сүйенеді. Зайсан өңірінің экономикалық өміріне тән ерекшеліктерді, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлеуметтік-экономикалық өзгерістердегі рөлін анықтауға ерекше көңіл бөлінді.

Сандық талдау мақсатында халық санағының мәліметтері, сауда статистикасы мен әртүрлі уақыт кезеңдеріне тиесілі экономикалық есептер пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеуде Қазақстан мен Орталық Азиядағы кәсіпкерлік тарихына арналған ғылыми еңбектер, мақалалар мен монографиялар, сондай-ақ мамандандырылған журналдар мен басылымдар қолданылды.

Осылайша, ұсынылған әдістемелік тәсіл мен дереккөздерді кешенді талдау Зайсан өңіріндегі көпестердің қаланың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына қосқан үлесін жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ олардың сауда, кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметіндегі рөлін бағалауға мүмкіндік береді.

Талқылау

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына қарай Далалық өлкенің экономикалық дамуында елеулі орын алған Зайсан өңіріндегі сауда-экономикалық даму көрсеткіштері, белгілі кәсіпкерлер зерттеу нысанына айналып, жан-жақты ашыла зерттелді деуге келмейді. Көтеріліп отырған мәселе көбіне Қазақстанның Зайсан өңірі кіретін Жоғары Ертіс аймағы шеңберіндегі Дала өлкесі бойынша зерттеулерде ғана қарастырылады.

Дегенмен, жалпы Зайсан өңірі ежелден-ақ Батыс Еуропаның, Ресейдің тарихшы, өлкетанушы, жаратылыстанушы ғалымдарының және сол елдерден келген саяхатшылардың көңіл аударған, белгілі дәрежеде зерттеген нысандары болды.

XVII ғасырда Ресейге келген, Алтай өңірінде болған Франция дипломаты Де Ла Невилль «Любопытное и новое известие о Московии» (Записки, 1689) деген еңбек жазып, онда Зайсан көлі, осы маңдағы тұрғындар жайлы толық мағлұмат берген. Осындай деректерді сол заманда даниялық Эверт Избранд Идес те жазып қалдырған.

1715-1716 жылдары Зайсанда И. Бухгольцтің экспедициясы кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бухгольц экспедициясының Зайсан өңіріне келуі қазақ жерлері кіретін оңтүстік Сібір жерлерін отарлауға қатысты Ресей империясының ұстанған «шығыс саясатымен» тығыз байланысты.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Зайсан өңірін зерттеу кең көлемде жүргізіле бастады. Себебі Зайсан ойпатына кіретін жерлерді осы кезеңде Ресейге қосу толық аяқталған болатын. Ресей ұстанған шығыс саясатына байланысты Қазақстаннан ары қарай Қытай жерінде жатқан территорияларды да зерттеуге үлкен көңіл бөлінді. (Жапаров: 1998, 48).

Сауыр тауларының бойымен, етегінде орналасқан шағын жырлар арқылы ағып өтетін, Зайсан қазаншұңқырына құятын көптеген өзендердің бірі – Жеменей. Жеменей өзенінің жоғарғы ағысында, қалың ормандардың арасында, 1830-1840 жылдары Зайсан қаласының алғашқы іргетасы қаланған (бұрынғы атауы – Джеменейка).

1860 жылдан бастап қала тұрғындарының өмірі Зайсан көлі мен Ертіс өзенімен тығыз байланыста болды. Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және басқа да қалалардан келген көптеген саяхатшылар бұл өңірді «Зайсан» деп атай бастады. Тарихшылардың мәліметінше, «Зайсанның негізі 1868 жылы қаланған, бұл жерде өңірді басқару және қолдау үшін әскери бекініс салу қажеттілігі туындаған».

Зайсан кеден бекеті арқылы (1891 жылдан бастап – халықаралық Майқапшағай кедені) Қазақстаннан Қытайға, Тибетке, Шыңжаңға жүн, тері, ағаш және басқа да шикізаттар экспортталып, ал ол жақтан мата, киім-кешек, қолөнер бұйымдары әкеліне бастады. 1893 жылы Зайсанға қала мәртебесі берілді. Осылайша, ежелгі көлдің атауын иеленген шекаралық қала пайда болды. Аңызға сәйкес, бұл көлі «Сыңғырлаған қоңыраулар көлі» деп те атайды.

Ішкі және сыртқы саудаға қолайлы Зайсан қаласы тез дамып, Батыс Қытай және Моңғолиямен сауда-саттық қарқынды түрде нығая түсті. (<http://e-arhiv.vko.gov.kz/ru/Page/Index/1537>)

Әйгілі неміс ғалымы, әрі саяхатшысы Альфред Эдмунд Брем өзінің әріптесі этнолог-ғалым Отто Финшпен 1876 жылы Батыс Сібір мен Қазақстанда болып, зерттеулер жасайды. Олардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша, экспедициялық материалдар негізінде «Батыс Сібірге саяхат» еңбегін жазады. Аталған кітаптың сегізінші тарауында «Зайсан посты өте жылдам түрде дамып келеді, көшелері кең, таза, адамды бірден баурап алады екен. Кірпішпен әдемі жиналған үйлер көшелерге ортазиялық келбет береді. Әкпен ағартылған үйлер өте көңілді көрінеді. Қоңыраулы әдемі кішкене ағаш шіркеу бар. Сонымен қатар үш сыныптық приходтық мектеп те бар. Зайсан базарынан еуропалық және азиялық кез-келген тауарды оңай табуға болады. Қалада 163 үй, 2 мың (әскерлерді қоса есептегенде) тұрғын бар, - деп сипаттама берген (Финш: 1882, 104). Сол уақыттың өзінде де зерттеулерде Ертіс маңы қалаларының транзиттік инфрақұрылымды дамытудағы рөлін (Венюков, 1861:161), Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының динамикасын (Завалишин, 1867:145) және Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда қозғалысының ерекшеліктерін (Балкашин, 1881:32) анықтау бойынша проблемалар қойылды. Алайда, ол еңбектер аймақ экономикасының дамуындағы нарықтық құбылыстарға түсініктеме берумен шектеледі.

Г.Н. Потанин Дала өлкесі мен Сібірдегі сауданы зерттей отырып, мұндағы қалыптасқан буржуазияның негізінен сауда және өсімқорлық сипатын көрсетті. (Потанин, 1867). Ол өз еңбегінде Семей қаласы және Семей облысының басқа да қалаларындағы көпестерге біршама толық сипаттама берді. Ертіс өңіріндегі саудагерлердің негізгі бағыты транзиттік сауда жолдарының қиылысында орналасқан Семей қаласы болғаны көрсетілді. (Потанин, 1884).

«Россия: толық географиялық сипаттамасы – біздің отанымыз» – бұл Ресейдің ғылыми географиясы мен этнографиясы тарихындағы ең ауқымды жобалардың бірі болып табылатын еңбек. Императорлық Ресей географиялық қоғамының вице-президенті П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің жалпы жетекшілігімен және В.П. Семеновтың редакциясымен дайындалған бұл еңбек Ресей жерлерінің табиғатын, халқын, шаруашылық өмірі мен мәдениетін XIX–XX ғасырлар тоғысында егжей-тегжейлі сипаттайды.

Оның 18-томы Қырғыз (Қазақ) өлкесіне арналып, оған Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары кірген. Бұл томның авторлары – А.Н. Седельников, Л.П. Осипова, А.Н. Бөкейханов және басқа зерттеушілер – осы аймақтардың географиялық, этнографиялық, экономикалық және әлеуметтік қырларын XX ғасырдың басында жан-жақты сипаттайтын мол деректер жинады. Бұл кітап – XX ғасырдағы ірі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге дейінгі зерттелген аймақтардың жағдайын көрсететін құнды тарихи құжат ретінде ерекше маңызға ие. (*Россия, 1903 г.*)

Сонымен қатар, 1897 ж. жүргізілген санақ нәтижелерінің Семей облысына қатысты тұстары мен Ф.Щербина жетекшілігімен жинақталған 13 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» (Материалы, 1898-1906) экспедициялық жинағындағы Зайсан және Өскемен уездеріне қатысты 8 және 9 томдарындағы және дәл сондай жолмен 1913 ж. жүрілген жұмыстардың нәтижелері қамтылған 2, 3 томдардағы мәліметтерді деректік мәнімен қатар белгілі дәрежедегі зерттеу деп қабылдауға болады. Оларда өңірдің табиғи-географиялық, жер жағдайы мен шаруашылығына, жерді пайдалануына, орналасуына байланысты деректер көптеп кездеседі.

Зайсан өңірін ғалымдардың біршама тереңдете зерттеуі кеңестік кезеңде болған. 1928 жылы «Известия Томского государственного университета» басылымында Зайсан қаласында тұрған белгілі ғалым, академик В. А. Хахловтың үлкен еңбегі «Зайсан қазаншұңқыры және Тарбағатай Құстарзоогеографиялық очеркінің» (Зайсанская, 1928) бірінші бөлімі басылып шықты. Мұнда В.А Хахлов Зайсан өңірінде омарта шаруашылығын дамытудың кең мүмкіндіктеріне маңыз береді. Әрине мұнда кәсіпшілікпен айналысқан қазақтар туралы айтылмаса да, болашақта қазақ үшін де қажет болатын кәсіпкерлік туралы мәселені көтерген.

В сборнике документов, выпущенном Управлением архивов Восточно-Казахстанской области под названием «Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (XVIII – начало XX вв.)», представлены архивные материалы. Они отражают роль Семипалатинского Прииртышья и его административного центра — города Семипалатинска в развитии внутренней и внешней торговли, которая занимает важное место в отношениях с Россией, странами Средней Азии и Китайской Народной Республикой. (Торговые, 2004)

1960-1980 жылдардың арасында атап айтқанда, Ресейдің Азиялық бөлігіндегі қалалардың салыстырмалы-экономикалық дамуын зерттеу айтарлықтай жанданды. Белгілі бір қозғалыстар XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтуда да орын алды. Авторлардың бір тобы оның жеке

сюжеттерін (*демографиялық процестер, уездік қалалардың экономикалық дамуы және т.б.*) зерттеумен тікелей немесе бір уақытта айналысты. Мысалы, Н. В. Алексеенко (Алексеенко, 1981), Н. Е. Бекмаханова (Бекмаханова, 1986), В. С. Черников (Черников, 1985) өз жұмыстарында солтүстік және шығыс Қазақстандағы қалалық елді мекендерінің саны, әлеуметтік және ұлттық құрамы мәселелерін қозғаса С. А. Сүндетов (Сүндетов, 1969), Ж. К. Қасымбаев (Қасымбаев, 1981) және Г. Чуланов (Чуланов, 1960) Дала өлкесінің уездік орталықтардың сауда-өнеркәсіптік дамуына қатысты кейбір мәліметтерді ғылыми айналымға енгізді

Кеңес заманының қазақстандық тарихнамасында, ең алдымен, Е.Б. Бекмахановтың (Бекмаханов, 1957), Т. Ж. Шоинбаевтың (Шоинбаев, 1982) еңбектерінде Шығыс Қазақстан қалаларының көпестер тарихы бойынша шағын нақты материалдар бар. Осы кезеңнің авторлары Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Орта Азиямен сауда байланыстарын орнату мәселелерін Қазақстанның Ресейге қосылуының негізгі процестерін зерттеу тұрғысынан қарастырды.

Уездік елді-мекендерді зерттеу бойынша жұмыстарды жандандыру нәтижесінде алғашқы жалпылама еңбектерді жазуға күш салынды. 1990 жылы Ж. Қ. Қасымбаевтың «Города Восточного Казахстана в 1861–1917 гг. (Социально-экономический аспект)» еңбегі жарық көрді. Автор капиталистік жаңғырту кезеңінде бұрын Шығыс Қазақстан қалаларының әкімшілік функциялары шаруашылық функцияларымен көбірек үйлеседі деген қорытындыға келді. Ол қалалардың экономикалық маңыздылығының өсуінің негізгі факторы ретінде сауданың дамуын қарастырды, оның рөлі өнеркәсіптік өндірістен әлдеқайда жоғары деп тұжырым жасады. Шығыс Қазақстан қалаларындағы шаруашылық өмірдің жандануы, Ж. Қ. Қасымбаевтың пікірінше, қала халқының құрамының өзгеруіне өз ықпалын тигізді, атап айтқанда, көпестер мен мешандар тобының ұлғаюына ықпал етті. Еңбекте Зайсан қаласының 1861-1917 жылдардағы даму кезеңі қарастырылған. Еңбек жалпы қалаларға арналса да, Зайсанға байланысты біршама деректерді табамыз. Бірақ, бұл еңбекте негізінен сауда мәселесі қарастырылып, кәсіпкерліктің бір саласы – кәсіпшілікке белгілі дәрежеде ғана көңіл бөлінген.

Тарихнаманың қазіргі кезеңінде қазақстандық тарихшылар ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Дала өлкесінің уездік қалаларының шаруашылық даму тарихы бойынша жаңа нақты-нақты материалдар жинап, еңбектерді жарыққа шығарды. Атап айтқанда, Ертіс бойы, соның ішінде Зайсан өлкесінің сауда-экономикалық дамуы және кәсіпкерлері туралы М.К. Каримов, М.К. Асылбеков, А.Ф. Даутованың «Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы» (Каримов, 2016) атты еңбегі біршама мәліметтер береді. Сонымен қатар, В.З. Галиевтің Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағына арналған орыс тілінде шыққан «Халықты оятқан кітап» («Книга, разбудившая народ») (Галиев, 2011) атты еңбегінде Міржақыптың Зайсандағы оқытушылық жылдары оның көзқарасын сол кездердегі саяси оқиғалармен байланыстыра қарастырады. Аталған еңбекте Зайсандағы бірқатар кәсіпкер-көпестер туралы мағлұматтар берілген.

О.Г.Климовтың «XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Сібір кәсіпкерлігі тарихын зерттеуді ұйымдастыру» атты монографиясы революцияға дейінгі Сібірдегі кәсіпкерлік тарихын зерттеуді ұйымдастыруға арналған. Еңбекте Сібірдегі кәсіпкерлікті зерттеумен айналысатын ғылыми мектептер, сібірлік кәсіпкерлік тарихын игерудің историографиялық жанрлары қарастырылып, кәсіпкерлік пен саудагерлік тарихына арналған сібірлік ғалымдардың еңбектеріне библиографиялық мәліметтер мен историографиялық шолу берілген.(Климова, 2021)

А.Ж.Габдулина, К.В.Джумагалиева, Р.Д. Ахметова, Х. А.Аубакировалардың «The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire» мақаласында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының шет аймақтарының сауда-өнеркәсіптік даму тарихы қарастырған. Авторлар архивтік дереккөздер мен құжаттарға сүйене отырып, Плещеевтер отбасы мысалында қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптік-көпестік қызметті зерттеді. A.Zh. Gabdulina,, K.V. Dzhumagaliyeva, R. D. Akhmetova, H. A. Aubakirova, The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. A.Zh. //Bylye Gody. 2020 56(2) p.674

Б.Ж.Атантаева мен Д. Чунгалов «Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX – начале XX вв.» мақаласында XIX ғасырдың аяғы–XX ғасырдың басындағы Семей қаласының көпестерінің қызмет тарихы жан-жақты талданады. (Atantaeva B.ZH., CHungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Семейдің сауда және өнеркәсіп қаласы ретінде қалыптасуындағы жергілікті көпестердің рөлі баса назарға алынады. Б.Ж.Атантаева мен Р.Д. Ахметованың «Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века» мақаласында Семейдің Ертіс өңірінде татар этносының қалыптасу тарихы зерттеледі. Құжаттық деректер негізінде XIX ғасырда Қазақ даласына татарлардың қоныстануының себептері, татар қоныстарының пайда болу тарихы талқыланды. Atantaeva B.ZH., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatel'nost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.)

А.Ж.Габдулина, К.Ш. Аубакирова, Р.Д.Ахметова, Г.А.Абенювалардың «Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity» мақаласында дала аймағындағы көпестердің кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметі қарастырылады. Өңірде су сауда жолдарын, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды құру процесіне назар аударылады. Gabdulina, K.Sh.Aubakirova, R.D.Akhmetova, G.A.Abenova, Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) p.738

Шығыс Қазақстанға, оның ішінде Зайсанға қатысты біраз еңбектер жергілікті өлкетанушылардікі. Жергілікті өлкетанушылардың зерттеулерінде тарихи дамуға қатысты мәселелер де көтерілген. Белгілі өлкетанушы С.Черныхтың «Одна но пламенная страсть» (Черных, 1986) және «С берегов Иртыша» (Черных, 1986) деп аталатын еңбектері Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік ісінің дамуынан біршама деректер береді. Ғ.Байбатыровтың «Зайсан тарихы» (Байбатыров, 2003), Қ.Алтыбаевтың «Атамекен Зайсан» (Алтыбаев, 2006), М. Жеңсехановтың «Шежірелі Зайсан» (Жеңсеханов, 2004) атты танымдық еңбектері де Зайсан өңірінің тарихынан сыр шертеді. Бұларда архив материалдары аз болса да, ауызша тарихқа негізделген біршама деректер бар.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысының жандануына қарамастан, қарастырылып отырған тақырыптың бірқатар маңызды элементтері әлі тиісті қамтылмаған. Қолда бар зерттеулер Зайсан өңіріндегі сауданың әр түрлі формаларының арақатынасын, олардың осы кезеңдегі өзгерістерін ұсынуға мүмкіндік бермейді. Дәл осындай көрініс ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында өңірдің сауда-экономикалық дамуындағы зайсандық көпестер мен кәсіпкерлердің рөлі толық анықталмаған. Мұның бәрі ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Зайсан өңірінің, оның кәсіпкерлерінің жалпы экономикадағы рөлін одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Нәтижелер

ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Қазан және Сібір татарлары Қазақстанның біртұтас Бүкілресейлік нарыққа интеграциялану процесінің белсенді қатысушылары болды, осыған байланысты олардың сауда кәсіпкерлігінің әр түрлері мен нысандарын дамытудағы рөлін зерттеу қызығушылық тудырды. Патша өкіметі қазақ жеріндегі сауда қызметінің барлық экономикалық әлеуетін жақсы түсініп, оны барлық жағынан көтермелей бастайды. 1828-жылы Омбы, Семей, Петропавл көпестері сауда куәлігі болмаса да бөлшек сауда жүргізуге мүмкіндік алады. (Крафт, 1898) Ресей үкіметі қазақ даласындағы сауданы дамыту мақсатында шаралар қабылдады. Мысалы, жергілікті сауданы жеңілдету үшін әртүрлі баждар бірнеше рет алынып тасталды: 1831- жылы Қырғыз терісі мен майынан, 1835-жылы Далаға экспортталған нан, ауылшаруашылық және басқа да темір өнімдерінен. 1845-жылы көпестерге Қырғыз даласында айырбас саудасын бастауға рұқсат берілді. (Гибадуллина,2013)

ХХ ғасырдың басында қазақ өлкесінде капиталистік қатынастардың дамуымен тікелей байланысты сауда кәсіпкерлігі жергілікті тұрғындардың арасында жылдан-жылға өсіп отырды. Қазақтардың сауда кәсіпкерлігіне қатысуы жайлы М. Красовский: «өз уақыты мен капиталын сауда операцияларын жүргізуге арнаған тұлғалар саны өсті, қырғыздар арасында көпестер де пайда болды...», - десе, Г.Колмогоров қазақтардың арасында сауда кәсіпкерлігінің дамуын: «шекаралық қалаларда орыстардың алғашқы қажеттіліктің ұсақ тауарларын сатып алып, болыстар бойынша оларды тасымалдап, қой, тері,

елтірі, жүн және т.б. басқа ұсақ-түйекке айырбастай бастады», - деп сипаттады (Асфендияров, 1993: 205-210).

Зайсан көпестері мен кәсіпкерлері жергілікті халықтың сұранысы мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бүкіл Ресей аумағын, әсіресе Сібір мен Орал өңірлерін, сондай-ақ Қытайдың Шәуешек, Құлжа, Қашқар қалаларын, Орта Азиядағы Ташкент, Самарқан, Бұқара секілді ірі сауда орталықтарын аралап, сауда-саттық жүргізіп, түрлі тауарларды жеткізген. Олар сондай-ақ әйгілі Ірбіт, Үркіт, Қоянды, Шар (Қарамолла), Екатеринбург жәрменкелеріне тұрақты түрде қатысып отырған.

Көпестер мен кәсіпкерлер жәрменкелік сауда орындарында дүкендер ашып, тұрақты сауда жүргізген. Ал Зайсан қаласының қарапайым тұрғындары кіре тарту, керуен айдау сияқты кәсіптермен айналысып, саудагерлерге қызмет көрсеткен (Жапаров, 1998, 54).

Сонымен қатар, Зайсан қаласының өзінде де жәрменкелер ұйымдастырылып, жергілікті халық пен саудагерлер үшін тиімді сауда алаңына айналған. Мәселен, 1901 жылдың 1-10 мамыры аралығында Зайсанда Николь жәрменкесі өтті. Бұл жәрменкеде 1902 жылы 9 185 рубльдің тауары сатылып, 1901 жылмен салыстырғанда 1 535 рубльге артық табыс әкелді. Сондай-ақ, осы жәрменкеде 23 628 рубльге мал сатылып, өткен жылмен салыстырғанда 6 928 рубльге жоғары көрсеткіш тіркелген. <https://e-history.kz/ru/news/show/32975> Торговые фирмы и купцы Степного края (13,09,2021) Аян Аден

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Зайсан қаласындағы саудаға ерекше мән беріле бастады. Соның арқасында сауданы дамыту мақсатында жыл сайын мамыр айында өткізілетін Никольск жәрменкесіне Орталық Азиядан, Россиядан, Қытайдан, Моңғолиядан саудагерлер келді. Патша үкіметі көршілес Моңғолиямен өзара тиімді сауда байланысын жолға қойды. Цин билеушілерінің наразылығына қарамастан, 1860 жылы Урга қаласында (Улан Батордың бұрынғы аталуы.- Ұ.С.) орыс сауда фирмасы құрылды. Фирма Өскемен, Зайсан, Семей және т.б қалалардың саудагерлерімен байланыс орнатты. Бұл істе «Савва Морозов және оның ұлдары атты» мәскеулік фирма белсенділік көрсетті. 1872 жылы солардың бастамасымен 92 түйе, 30 атқа артылған 45000 рубльдің товары Зайсан постысынан Ургаға жөнелтілді (Касымбаев, 1990: 49).

Дала өлкесі генерал губернаторының 1886 жылғы есебінде қалалық басқармалар мен уездерде құны 44 509 рубль 25 тиын болатын 3565 сауда құжаттары берілген. (1885 жылмен салыстырғанда 6233 р. 25 тиынға көп.)

Берілген сауда құжаттары облыс аудандары бойынша төмендегідей (ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.299. Б.126-132.)

Кесте 1. Сауда құжаттары.

Аудандар	Құжаттар саны	Құны
Семей	2045	28066 р. 50 т.
Павлодар	449	4777 р.
Өскемен	393	4186 р. 25 т.
Қарқаралы	358	3307 р.
Зайсан	163	2092 р.

Көрсетілген кезеңде өңірдегі сауда-саттық мәселесінің жанданын байқаймыз. Сондай-ақ, Зайсан өңірі кеңінен тауарға айнала бастаған мал шаруашылығы үшін өте қолайлы болды. Сауданың дамуының нәтижесінде, мал саны 1910 жылы 4755,869 басқа жетіп, мал басы алдыңғы санақтарға қарағанда 391,755 басқа көбейген (ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.5895. Б.15-26.).

Қытаймен, Монғолиямен сауда қатынастары сол кезеңде Зайсан көпестері фирмасының қолында болды. Олар «Ерзин және К» серіктестігі, «Бобкин и К» сауда үйлері және т.б еді. Осылардың біразы қазақ көпестері болатын. Сондай-ақ, зайсандық көпестер Абилханов пен Татанов, т.б. Монғолиямен сауда-саттық байланыстарында үлкен табыстарға жетті. 1911- жылы Зайсандағы «Ерзин және К» серіктестігі 155 мың сомның саудасын жасап, 140 мың сомның шикізатын және мал сатып алған(Жапаров: 1998, 52).

Сол кезеңдерде зайсандық үй иелері, көпестер, қызметкерлер мен саудагерлер арасында аты белгілі болғандар: Сағидолла Абылханов, Валиулла Анваров, Юсуп Абылханов, Ахметзаки Ахтямов, Сафа Ахтямов, Абдулла Ахтямов, Ғалымжан Әубәкіров, Абдулнаби Ахунов, Хаким Айғозин, Михаил Агапов, Айтхожа Абдурасулходжа, Ғұмар Ахтямов, Мұхаммед Әбдірахманов, Хожаджан Ахунходжаев, Сағындық Әбдірашитов, Мұхаммед Әбдірашитов, Қадырбай Баймұрзин, Токфулла Бикчентаев, Саиднасим Бариев, Ахмед Батрутдинов, Ғабдуллвалий Батрутдинов, Михаил Белоглазов, Макар Боков, Фидеахмет Бобкин, Сәлімжан Бабаев, Федор Боровцев, Мұхамеджан Битраков, Хисамутдин Батыршин, Керімберді Бабаев, Ибрагим Булатов, және т.б. (Галиев, 2011: 111-112).

Жеменей өзенінің бойындағы үш диірмен қала халқын ұнмен қамтамазсыз етіп тұрды. Дображинскийдің сыра зауыты бовр сырасымен (Бавар сырасы. - Ұ.С.) уезді ғана қамтып қоймай, шетке экспортқа шығару дәрежесіне көтерілді. Қалада екі ірі сабын қайнататын зауыт болды. Зайсанға басқа жақтан әкелінген темір рудасын өңдеп, Қытай мен Тибет, Моңғолияға экспортқа темір шығаратын зауыт та жұмыс істеп тұрды. Пима басатын Асташевтің зауыты және біршама үлкен кәсіпорындар болған. Ағаш өңдеу ісі де жақсы дамыды. Зайсан шеберханаларында ағаштан тақтай тілініп, есік, терезе, үй жихаздары жасалынды. Осы кезеңде әйелдердің сәндік әшекейлерін жасайтын қолөнершілердің шеберханалары жұмыс жасады. Қолжетімді шикізат қоры мол өлкеге көз тіккен саудагер - көпестер Зайсан қаласына орналасуға тырысты (Алтыбаев, 2006: 53).

Зайсан кәсіпкерлері қаланың экономкалық дамуымен қатар, рухани-әлеуметтік тұрғысынан да аса мән берген. Қалада мешіт, медресе салдырудан бөлек кітап саудасымен де айналысып, халықтың сауат ашуына да жағдай жасаған. Зайсан қаласында 1904-жылдың қараша айынан бастан кітап саудасының болғанын мына құжаттан көре аламыз. Ол - Көпес Абылхановқа Зайсан қаласында мұсылманша кітап саудасымен айналысуға рұқсат беру туралы іс. Онда 12-қараша 1904 жыл деп көрсетілген. Бұл куәлікте «Бикчентаев

және Абылханов» сауда үйінің өкілі, зайсандық көпес Сағидулла Абылхановтың саяси көзқарасының дұрыстығы, сотталмағандығы, тергеуде болмағандығы көрсетілген. Куәлік оған Зайсан қаласында мұсылман тіліндегі кітаптармен сауда жасауға Семей облысының әскери губернаторының рұқсат еткенін растайтын құжат ретінде берілді. Куәлікте 1904 ж. 12 қараша, Зайсан қ., уезд бастығы Бирюков қол қойған (ҚР ОМА, Қ.15. Т.1. Іс.518. Б.2.).

Зайсан қаласындағы жоғарыда аттары аталған және т.б кәсіпкерлердің қоғам өміріне, оның ішінде әлеуметтік-қоғамдық істерге де белсене араласқындықтарын байқаймыз. Осындай құжаттардың бірі - Зайсандағы 1918 жылдың 25-қазанындағы №117 қалалық Думаның отырысынікі. Құжатта Зайсан өңірі бойынша салық инспекторлығының 1919 жылдың 1-қаңтарынан бастап алдағы төртжылдыққа жергілікті салық округінің кәсіпшілік салығына қатысты төрт мүшесі мен екі орынбасарын сайлау туралы айтылады. Ұсынылған кандидаттар: Ғұмар Девлеткилдеев, Хасан Ерзин, Лафа Насыров. Ф.П.Казаринов, Мұхамед-Ғалия Сайфуллина, Ибрагим Бикмаев, Хасен Әбілханов, Иван Бойко, П.Н.Волкова, Керімберді Бабаев, Юсуп Хайбуллин, В.Т.Анваров, Ф.А.Бобкин және Хамен Татанов (ҚЗТҚО, Қ.48. Т.1. Іс.95. Б.7.). Аталған кәсіпкерлер құжаттың мазмұны көрсетіп тұрғандай, әлеуметтік-қоғамдық істерге кең араласқандары даусыз.

Сол кездегі Зайсан өңіріндегі көпсалалы кәсіпкерліктің бір бағыты- омарта шаруашылығы. Зайсан жері бал арасын өсіруге қолайлы болды. Себебі далалық - таулы жерлерден тұратын өңірде бал беруші өсімдіктер мол болды. Ара шаруашылығы, әсіресе ортаазилық көпестер тарапынан балға деген сұраныстың өсуіне байланысты үлкен пайда келтірді. Өнім мол жылдарда 10 ұядан 5-10 пұтқа дейін бал, 20 фунттан 1,5 пұтқа дейін балауыз алынды. Зайсанның балы Ірбіт жәрмеңкесінде де сатылған. Ал, Зайсанда омарта шаруашылығы 1882 жылы геолог-ғалым, өлке зерттеушісі А.С. Хохловтың жергілікті өкіметтен бал арасын өсіруге жер сұрауынан басталады. Ол Зайсан қаласынан онша алыс емес Темірсу бойында омарта шаруашылығының негізін қалайды. Кейінірек ол Теректі өзенінің жағасынан екінші омарта ашады. Көп бал алу үшін түймежапырақ, көкбасгүл сияқты шырынды өсімдіктерді де егеді. Балды Семей, Өскемен, Омбы, Томск сияқты ірі қалаларға жіберіп саудалаған. Көп ұзамай оның балы зор сұранысқа ие болып, 1893 жылы Зайсан балы Чикагодағы халықаралық көрмеде жоғары баға алады (Байбатыров, 2003: 47).

Сол кезеңдегі Зайсанды мекендеген, өңірдің дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалардың қатарында халыққа беретін діни руханиятты молда және кәсіпкер ретінде қатар алып жүрген Ахметзяки Ахтямовты айтамыз. Ол кісі 1851-1921 жылдары өмір сүрген. Зайсан қаласында мешіт салдырған, ұлдар мен қыздарға бөлек мектеп аштырған - зиялы қауым өкілдерінің бірі. Молда Ахмед заки Ахтямовтың ата-бабалары қазан бұлғарлары болған. Ол қазанда діни білім алған. Мектептерде мұсылман дінінің негіздерінен сабақ берген. Араб, татар тілдерін жетік меңгерген, орыс, қазақ тілдерінде еркін сөйлеген. Ахмедзаки Ахтямовтың ұлы Якуб Ахтямов «Наперекор ударам судьбы» деп аталатын естеліктер кітабында әкесінің екі рет Меккеге қажылық жасағанын, Зайсан қаласында мерекелер, үйлену тойлары мен жерлеу рәсімдерін өткізетіндігін баяндаған.

Сондай-ақ, діндарлығымен қатар сауда-саттық пен кәсіптің жайын жақсы білген. Зайсандағы кірпіш заводының иесі болған. Үйінде мал-құстар асырап, адамдарды жұмыспен қамтып отырған. Жалпы, Ахтямовтар отбасы өте білімді болған. Түскен табысының көп бөлігін қайырымдылыққа жұмсап, білім-ғылымға ерекше назар аударған. Үйіндегі үлкен кітапханасында діни және көркем әдебиеттер бірнеше тілдерде болған. Ахмедзаки қалада татар кітапханасына заманауи әдебиеттер мен оқулықтардың түсуін үнемі қадағалап отырды (Ахтямов, 1997: 6-20). Дегенмен Ахмет Закидың діндарлығы мен зиялылығы сол кездегі өкіметке ұнамайды.

Томск және Семей губерниялары епископының Батыс-Сібір генерал губернаторына 1893 жылы жазған хатында Зайсанда қазақ балаларына арналған арнайы ауыл шаруашылық мектебі бар екендігі айтылады. Ол мектепте басшылық тарапынан «Құдай» сөзін» яғни, христиан дінін насихаттау жүзеге асырылу керек еді. Бірақ, жергілікті мұсылмандар шариғат заңдарын оқыту үшін молданы шақыруды талап етеді. Мешіттердің жанында татар мектептері болғандықтан, татарлардың барлығы сауатты. Мешіт пен медреселерді басқарып отырған Ахмет Заки Ахтямовты жер аудартып, мешітті сүріп тастауды және мешітке қарайтын 4 татар мектебін жабуды сұрайды. (Ф 64 опись 1, Д 3155 св 204 стр (34. 6-7)) Епископтың ұсынысы қанағаттандырылмай, Ахмет Заки өз қызметін жалғастыра береді.

1918 жылы Зайсан қаласында Кеңес үкіметі орнады. Оның орнағаны туралы горнизонның үндеуі көпес Бекчентаев Тухфатулланың жарияланды. Кейіннен кеңестік билік зайсандық көпестердің мал-мүлкін тәркілеп, қамауға ала бастайды. Олардың ішінде Ахтямовтар әулеті де болды. Ахмедзаки Ахтямов әйелі мен балаларын Ташкентке жіберіп, өзі уақытша Зайсанда қалады. Бірақ, 1921 жылы Ахметзаки Ахтямов қамауға алынып, Сібірге айдалады. Жолда қайтыс болып, денесі көмілмеген қалпы қардың астында қалады. Сол кезеңде адам тағдырының осындай аяқасты болуы орнаған тоталитарлық жүйенің көрінісі деуге болады. (Кумарова, 2010).

Тек Зайсан өңірі ғана емес, сол кездегі Семей облысына мәлім болған тұлғалардың бірі - ірі саудагер Пидахмет Бобкин. 1863 жылы Зайсан жерінде дүниеге келген. Оның кәсіпкерлік қызметі 1890-1920 жылдары аралығына сәйкес келеді. Кәсіпкерлігін саудамен бастаған ол, кейін келе Зайсанда тері өңдеу зауытын ашып, өз өнімдерін Ресейдің Нижегород жәрмеңкесіне шығаруға дейінгі дәрежеге жеткен. Оның былғарыларының, әсіресе шегірен және сүрік деген түрлерінің даңқы Қытай мен Моңғолия сияқты елдерге де жайылған.

Тегі, орыстарға оның тегін Бәбікенов деп атаудан гөрі, Бобкин деп атау оңай болса керек. Фида Ахметович деп бөліп айтатын есімді де оған орыстар берген. Өзі оған қарсы болмағандықтан, орыс әріптестері оны Бобкин Фида Ахметович деген көрінеді.

Бобкиннің саудасы берекелі болды. Жыл сайын ол Нижегород жәрмеңкесіне баратын. Ресейлік атақты көпестер Морозовтар жәрмеңкеде ол әкелген терілерді, бағалы аң терілерін сатып алса, Фида Ахметович олардан елге қажетті тауарларын алып, параходқа тиеп, су жолымен Зайсанға жеткізетін. Кейде қажетті тауарларды алуға Пидахметтің қаражаты жетпей жатқанда, Морозовтар

оған еш кепілдіксіз қарыз беретін болған. Олар Бобкинге күмәнсіз сенген. Бидахмет те бұлардың ойынан шығып отырған. Осыған қарап, біздер Бидахмет сияқты қазақ кәсіпкерінің үлкен адамгершілік сияқты қасиетімен бірге кемел ақылын да көреміз. Зайсандағы бір кезде бүкіл елге мәлім болған былғары зауытын ашуды Пидахметке ұсынған және оған ақша қосып, компаньон болған атақты Савва Морозов екендігін бүгіндері кешегі күнге дейін көзі тірі болған, Бидахметтің қызы Айшадан туатын жиені, Бекмұхамет укаждың немересі, белгілі қазақ ғалымы Ермұхан Бекмахановтың жұбайы, Алматыда тұрған марқұм Халима апай айтып отыратын.

Нижгородтағы жәрмеңкеге Бобкин өзінің үлкен қызы Айшаны бірге ала баратын көрінеді. Айша білімді, орыс тілін жақсы білетін, баспа машинкасында жұмыс істей алатын, әкесіне ісқағаздарын жүргізуге көмектесетін алғыр адам болыпты. Ал Пидахмет Бобкиннің өзі еш жерде оқыған емес, өз бетімен қазақ, орыс тілдерінде оқып-жазуды, саудаға керекті математиканы меңгерген кісі болған. Өзі білім ала алмаған соң тек балаларының ғана емес, өз халқының да сауатты болуына көңіл бөлген адам. 1912 жылғы «Айқап» журналының №14 санында «Зайсан қазақтары мектеп салуға қаржы жинау шараларын ұйымдастырды. Пидахмет Бобкин бұл шараға 500 сом бөлді», - деп жазылған. Сонымен бірге Пидахмет Бобкин қолы ашық, жомарт адам да болыпты. Өзінен көмек сұрап келгендердің ешқайсысынан да көмегін аямаған көрінеді. Бірінің оқуын төлеп берсе, тағы біреуге Зайсаннан Семейге параходпен жетуі үшін ақша беретіні және т.б да көптеген игілікті істерге мұрындық болатыны бүгінге дейін ел жадында. (Большая, 2011).

Кеңес өкіметі орнау қарсаңындағы қым-қуыт аласапыран жағдайға байланысты 1920 жылы Бобкиннің жанұясы Монғолияға кетуге мәжбүр болған еді. Онда аз уақыт болып, Зайсанға қайтып келсе, мұнда большевиктер кеңес өкіметін орнатып жатады. Бобкиннің жанұясы алдымен Семейге, кейін Өзбекстан, Қарақалпақстанға кетуге мәжбүр болады. Ақыры Ташкентке қоныстанады. 1937 жылы 11- тамызда Өзбек КСР НКВД мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы Пидахмет Бобкинді шетелдің тыңшысы болды деп айыптап, қамауға алады. Пидахмет ол уақытта 74 жастағы ақсақал болғанымен, НКВД-ның жалған құжаттары бойынша 55 жаста деп көрсетілген. Сонымен қатар, кәрілігіне байланысты есту қабілетінен айырылғанымен, тағы да НКВД құжаттарында дені сау деп жазылған. Яғни, Пидахметті лагерьлерде ауыр жұмысқа жарамды деп тану үшін жасын өзгерткенін және мүгедектігін жасырғанын байқаймыз. (Балтабаева, 2021) Пидахмет Бобкиннің немересі Халима Бекмухамедова естеліктерінде атасы Пидахмет Бобкин Ворошиловград қаласына этаппен айдалып бара жатқан жолда қайтыс болғандығын жазады. Пидахмет Бобкин өмірінің соңында немересіне: «Мен қайтыс болған соң, кедейлерге садақа беруді ұмытпа», - деп өсиет айтқан екен. (Большая, 2011)

Қазақ халқынан шыққан алғашқы кәсіпкерлердің бірі - Пидахмет Бобкин сынды ел тарихында жақсы істерімен аттары жұртшылықтың жадында қалған азаматтардың игілікті шараларын зерттеу нысандарына айналдыру, оларды дәріптеу және үлгі жасау қажеттілік деп есептейміз.

Ауылына қарап азаматын таны дегендей Зайсан қаласындағы тұлғалардың өмірі бүгінгі бізді бей-жай қалдырмайды. «Адам ұрпағымен мың жасаса, ол келешек үшін», - деген аталы сөзді негізге алған біздерге, сол қатарды өзінің саналы және жасампаз істерімен толықтырған Бабаев Керімбердінің тарих қойнауына сіңген өнегелі істері және жарқын бейнесі бүгінгі ұрпақ үшін қайта жаңғырғандай.

Керімберді мінезінің сабырлығымен, байыптылығымен, елге жасаған қайырымдылығымен елдің есінде қалған. Қол астындағылармен қарым-қатынасы адамгершіліктің шегінен шықпаған. Табырда қарамағында істеген бір ақсақалдың айтуынша Керімберді оған Тұғылдан түйемен кірпіш тасып, үй салып беріпті. Содан болар бертінге дейін шапағаты тиген ақсақалдар оның азаматтығын көздеріне жас алып, жырдай ғып айтып отырады екен.

Бұл жердегі ой-қиын қыстау кезде ағайынға қамқор болу әр қазақтың азаматының қолынан келсе де, ол замандағы қыр қазағы епсіз кезде, ыңғайы келмейтін сауданың кілтін тауып, Мәскеу мен Ірбіт барған, жоқ-жітікке жәрдем беріп, замандастарының ықыласына бөленген тұлғаның меценаттық қыры. Ол кездері татар байлары сияқты, қазақ байларының арасында да ақын-жазушылыққа бейім жандарға қаржылай демеу көрсетіп, еңбектерінің баспа бетіне шығуына септігін тигізу дәстүрге айнала бастаған.

Керімберді Бабаевтың көмегі кезінде өз заманының реалист-ақыны, ұлағатты ағартушысы болған, зайсандық Арғынбек Апашбайұлына да тиген. Қазақ халқының жазба әдебиетінің іргесін қалап, шаңырағын көтерген Абай бастаған ақындардың Зайсан жеріндегі өнегесін жалғастырушы, тұлғалы ақындардың бірі - Арғынбек Апашбайұлы алғашында Зайсандағы татар көпестеріне, одан орыс жемтемір-барлаушыларына жалданып, қызмет жасапты. Осы кісінің дарынын көрген және досы болған Керімберді оның қисса-дастандарын Қазандағы Шәмшиден Құсайыновтың баспасына жіберттіріп тұрған (Кәрімхан, 2022).

Осындай көмекті Керімберді кезінде Қытай Алтайында тұрған досы Ақыт қажы Үлімжіұлына да көрсеткен көрінеді (Арыққарықызы, 2009: 17).

Оның еңбектерін де Қазанда бастыртқан. Соған қатысты Ақыттың мына өлең жолдары да сақталған. Онда:

«Кәрімберді Бабаев –

Зайсандағы танысы.

Алтай жұрты, Өр керей,

Баспаға сөзім жете алмай,

Өттең жердің алысы...

Кәрімберді, Сәлімжан,

Зайсанский Бабаев –

Алтайға мәлім саудагер,

Таниды тәмам халайық.-делінеді (Қарамсақов, 1987: 81-92).

Шәкәрімнің: «Тарих-мәңгілік. Ол өткеннің тазасын, жарамдысын алмақ. Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына орнамақ» дегеніндей адал еңбек пен ар-ұжданды ұран етіп, оны кейінгі ұрпағына мұра еткен тұлғалардың кетпен ұстаса да, атқа мінсе де ел мен жер үшін еңбек еткені қашанда көңілге медеу.

Қорытынды.

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында кәсіпкерлік ісінің алғышарттары Зайсан өңірінде жедел қарқынмен даму үстінде болды. Аймақтың экономикалық-әлеуметтік дамуының ерекшелектері, сонымен қатар жүргізіліп отырған отарлық саясат, сөзсіз, жергілікті кәсіпкерліктің қалыптасу үрдісіне және дамуына өз ізін қалдырды. Қалай болғанда да Зайсан өңірі әлемді қамтыған нарық қатынастарының дамуында шеткері қалған жоқ. Қайта ол үрдістің үнемі даму үстіндегі бір бөлшегі болды.

Байқағанымыздай, қазақ жерлерінің, оның ішінде Зайсан атырабының Орталық Азиядағы дамып отырған нарық қатынастарының негізіндегі саяси және сауда-экономикалық айналымға енуі жергілікті тұрғындардың дәстүрлі өміріне де үлкен өзгерістер әкелді. Көпестердің, өндіріс кәсіпкерлерінің іскерлігі Зайсан қаласының және оған қарасты өңірдің инфрақұрылымына, өркендеуіне және оның сауда нарығындағы позицияларының нығаюына жағымды ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі

Абай облысының мемлекеттік архиві. Қ.48. Т.1. Іс.95. Б.7

Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914 гг.). – Алма-Ата, 1981.

Алтыбаев Қ. Атамекен Зайсан. - Өскемен: Реклама-Дайджест, 2006. - 505 б.

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. – Алма-Ата: Казак университеты, 1993. – 304 с.

Арыққарықызы Е. Монғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей Жаңжұнұлы, зерттеу. – Алматы: Ақотау баспасы, 2009. - 208 б.

Ахтямов Я. Наперекор ударам судьбы. – Челябинск, 1997. – 159 с.

Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы: оқулыққа қосымша. - Өскемен, 2003. - 180 б.

Балтабаева К.Н. Пидрахмет Бобкин и его потомки//Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы 2021.№ 3 (27). URL: <file:///C:/Users/Ulzhana/Downloads/%D0%9F%D0%98%D0%94%D0%90%D0%A5%D0%9C%D0%95%D0%A2+%D0%91%D0%9E%D0%91%D0%9A%D0%98%D0%9D+%D0%98+%D0%95%D0%93%D0%9E+%D0%9F%D0%9E%D0%A2%D0%9E%D0%9C%D0%9A%D0%98+.pdf>

Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – Москва: Изд-во Академии наук СССР, 1957.— 324 с.

Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). – М.: 1986.

Большая семья Пидрахмета Бобкина. – Алматы, 2011. – 52 с.

Галиев В. З. Книга, разбудившая народ: разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!» - Алматы: Мектеп, 2011. – 525 с.

Гибадуллина Э.М. Татарские торговцы в Семипалатинской области Казахстана во второй половине XIX-начале XX вв. //Балтийский гуманитарный журнал. 2013. № 4 .70б.

Жапаров Б. Зайсан асулары: тарихи-публицистикалық очерктер / Жапаров Б., Түлкин Р., Құдабаев Б., Майкөбекова М. – Алматы: Баспа, 1998. – 190б.

Жеңсеханов М. Шежірелі Зайсан. - Семей: Азербайбаева К., 2004. - 158 б.

Зайсанская котловина и Тарбагатай. Т. 81. В. А. Хахлов – Известия Томского государственного университета. — 1928. — 1-157 с.

Записки де ла Невилля о Московии. Невилль де ла. 1689 г. Перевод с французского и предисл. А. И. Браудо в 71 т. №9 / Русская старина, 1891.

Каримов М.К. Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы (XIX ғасыр – XX ғасырдың басы) / Каримов М.К., Асылбеков М.К., Даутова А.Ф. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспасы, 2016 - 252 б.

Касымбаев Ж.К. Из истории развития городской промышленности Восточного Казахстана в начале XX в. Социально-экономические и исторические предпосылки и прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата, 1981.

Кәрімхан З. Алыптар алшаң басқан жер I бөлім // Электронды ғылыми журнал «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (жүгінген күні: 22.10.2022).

Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь в 1851–1860 гг. Записки ИРГО. Кн. 3. Венюков М. – СПб.: 1861. – 161–186 с.

Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. - 532 с., 161-бет.

Климова О.Г. Организация изучения истории Сибирского предпринимательства второй половины XIX - начала XX в.-Барнаул, 2021.-334б.

Кумарова Б.М. Татарская мечеть города Зайсана // сайт Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно-ландшафтного музея-заповедника. URL: https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (жүгінген күні: 03.10.2010).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архиві. (ҚР ОМА). Қ.64. Т.1. Іс.299. Б.126-132.

ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.5895. Б.15-26

ҚР ОМА, Қ.15. Т.1. Іс.518. Б.2

Қарамсақов А. Ү. Алтайский. Әбиат Ғахидия. // Шұғыла - №4. – 1987. – 81-92 б.

Қасымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г. Социально-экономический аспект. – Алма Ата: Ғылым, 1990. – 184 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей в 13 т. / Свод материалов по киргизскому землепользованию, собранных и разработанных Экспедицией по исследованию степных областей. – СПб., 1898-1906.

Описание Западной Сибири. Т. 3. Сибирско-киргизская степь. Завалишин И. – М: СПб., 1867. – 145 с.

Оспанова Р.Р. Зайсан қаласы мен аттас уезінің қалыптасуы және даму тарихы (1868-1917ж.ж.). Әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілері: т.ғ.к. дис., 2003.

Оспанова Р.Р. Қазақстан қалаларының тарихы (XIX ғасырдың бірінші жартысы XX ғасырдың басы. Шығыс Қазақстан материалдары негізінде): т.ғ.д. дис., 2007.

Потанин Г.Н. Материалы для истории Сибири. – М., 1867.

Радлов В.В. Из Сибири: страницы с дневника. М., 1989. – 749 с.

Семипалатинск и другие города Семипалатинской области. Т. 2. / Живописная Россия, Потанин Г.Н. – СПб.: –1884.

Сундетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX века. Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1969.

Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и Китайскими владениями. Записки ЗСО ИРГО. Кн. 3. Балкашин Н. – Омск, 1881. – 1-32 с.

Финш О. Путешествие в Западную Сибирь: с рис. в тексте / Финш О., Брэм А. – Москва: М.Н. Лаврова и К°, 1882. – 578 с. Электронная книга. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Черников В.С. Эволюция социального и национального состава населения северных городов Казахстана в XIX – XX вв. Проблемы социально-экономического и этнодемографического развития городов Казахстана. – Алма-Ата, 1985.

Черных С.Е. Одна но пламенная страсть. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 156с.

Черных С.Е. С берегов Иртыша. - Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 287 с.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. (Историко-экономический очерк. – Алма-Ата, 1960.

Шоинбаев, Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 279 с.

Тоты А. Кариева, Ұлжан С. Сайранбекова

Научный центр «Отырар кітапханасы» НАО им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Управление образования Абайской области, Отдел образования города Семей,

IT -лицей-школа №50, Семей, Казахстан

Предприниматели, внесшие вклад в торгово-экономическое развитие города Зайсан (вторая половина XIX века – начало XX века)

Аннотация. Данное исследование направлено на анализ и изучение предпринимательской деятельности в Зайсанском регионе во второй половине XIX – начале XX века. Город Зайсан, расположенный на территории Восточного Казахстана, предоставляет богатый материал по истории предпринимательства. В этот период такие города и крупные населённые пункты Восточного Казахстана, как Семей, Усть-Каменогорск, Зайсан, Кокпекты, превратились в важные торговые центры. Поскольку именно в указанный период регион являлся одним из значимых торгово-экономических центров.

В исследовании рассматриваются факторы, повлиявшие на развитие предпринимательства в Зайсане, включая его географическое расположение, наличие водного пути, прохождение торговых маршрутов и связи с другими регионами. Кроме того, проанализированы политические и социально-экономические условия, включая демографические изменения и трансформации в национальной структуре региона.

Особое внимание уделено месту предпринимателей и промыслов в экономической жизни Зайсана, их вкладу в развитие города и всего региона. Также исследуются меценатская деятельность предпринимателей, связанная с поддержкой образования, развитием культуры и другими сферами.

Ключевые слова: Зайсан, предпринимательство, торговля, купцы, ярмарка, татары, история, экономика, личность, культура.

Toty A. Karieva, Ulzhan S. Sairanbekova

the Otyrar Kitapkhana Scientific Center of the L.N. Gumilyov National Academy of Sciences,
Astana, Kazakhstan

*Department of Education of Abai Region, Department of Education of Semey City,
IT School-Lyceum No.50, Semey, Kazakhstan*

Entrepreneurs Who Contributed to the Trade and Economic Development of the City of Zaisan (Second Half of the 19th Century – Early 20th Century)

Abstract. This study is aimed at analyzing and exploring entrepreneurial activity in the Zaisan region during the second half of the 19th century and the early 20th century. The city of Zaisan, located in East Kazakhstan, provides abundant material on the history of entrepreneurship. During this period, cities and large settlements such as Semey, Ust-Kamenogorsk, Zaisan, and Kokpekti became major trade centers, as the region was one of the key trade and economic hubs of that time.

The research examines the factors that influenced the development of entrepreneurship in Zaisan, including its geographical location, the presence of a waterway, the passage of trade routes, and connections with other regions. In addition, political and socio-economic conditions are analyzed, including demographic changes and transformations in the national composition of the region.

Special attention is given to the role of entrepreneurs and industries in the economic life of Zaisan, as well as their contribution to the development of the city and the region as a whole. The study also highlights the philanthropic activities of entrepreneurs, particularly in supporting education, promoting culture, and other areas.

Keywords: Zaisan, entrepreneurship, trade, merchants, fair, Tatars, history, economy, personality, culture.

References

- Abai oblysynyn memlekettik arhivi. K.48. T.1. Is.95. B.7
Alekseenko N.V. Naselenie dorevoliucionnogo Kazahstana (chislennost', razmeshhenie, sostav, 1870–1914 gg.). – Alma-Ata, 1981.
Altybaev K. Atameken Zaisan. - Oskemen: Reklama-Daidzhest, 2006. - 505 b.

Acfendiiarov C.D. Ictoriia Kazahstana (c drevneishih vremen), 2-oe izdanie. – Alma-Ata: Kazak univercitety, 1993. – 304 c.

Arykkarykyzy E. Mongol kazakhtary poieziiasy zhane akyn Kakei Zhanzhunuly, zertteu. – Almaty: Akotau baspasy, 2009. - 208 b.

Ahtiamov Ja. Naperekor udaram sud'by. – Cheliabinsk, 1997. – 159 s.

Baibatyrov G. Zaisan tarihy: okulykka kosymsha. - Oskemen, 2003. - 180 b.

Baltabaeva K.N. Pidahmet Bobkin i ego potomki//Yelektronnyj nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz» yelektrondyk gylymi zhurnaly 2021.№ 3 (27). URL: file:///C:/Users/Ulzhan/Downloads/%D0%9F%D0%98%D0%94%D0%90%D0%A5%D0%9C%D0%95%D0%A2+%D0%91%D0%9E%D0%91%D0%9A%D0%98%D0%9D+%D0%98+%D0%95%D0%93%D0%9E+%D0%9F%D0%9E%D0%A2%D0%9E%D0%9C%D0%9A%D0%98+.pdf

Bekmahanov E. B. Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. – Moskva: Izd-vo Akademii nauk SSSR, 1957.— 324 s.

Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizii v iepohu kapitalizma (60-e gody XIX v. – 1917 g.). – M.: 1986.

Bol'shaja sem'ja Pidahmeta Bobkina. – Almaty, 2011. – 52 s.

Galiev V. Z. Kniga, razbudivshaja narod: razyskanija o Myrzhakype Dulatove i ego sbornike «Prosnis', kazah!» - Almaty: Mektep, 2011. – 525 s.

Gibadullina Je.M. Tatarckie trgovcy v Cemipalatinckoj oblacti Kazahctana vo vtoroj polovine XIX-nachale XX vv. //Baltijckij gumanitarnyj zhurnal. 2013. № 4.70b.

Zhaparov B. Zaisan asulary: tarihi-publicistikalyk ocherkter / Zhaparov B., Tylkin R., Kudabaev B., Maikobekova M. – Almaty: Baspa, 1998. – 190b.

Zhensehanov M. Shezhireli Zaisan. - Semei: Azerbaeva K., 2004. - 158 b.

Zaisanskaia kotlovina i Tarbagatai. T. 81. V. A. Hahlov – Izvestiia Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. — 1928. — 1-157 s.

Zapiski de la Nevillja o Moskovii. Nevill' de la. 1689 g. Perevod s francuzskogo i predisl. A. I. Braudo v 71 t. №9 / Russkaja starina, 1891.

Karimov M.K. Shygys Kazakstandagy kazak kasipkerliginin damuy (HIH gasyr – HH gasyrdyn basy) / Karimov M.K., Asylbekov M.K., Dautova A.F. – Semei: Semei kalasynyn Shakarim atyndagy memlekettik universitetinin baspasy, 2016 - 252 b.

Kasymbaev Zh.K. Iz istorii razvitiia gorodskoi promyshlennosti Vostochnogo Kazahstana v nachale HH v. Social'no-iekonomicheskie i istoricheskie predposylki i progressivnoe znachenie prisoedineniia Kazahstana k Rossii. – Alma-Ata, 1981.

Karimhan Z. Alyptar alshan baskan zher I bolim // Yelektrondy gylymi zhurnal «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (zhygingen kyni: 22.10.2022).

Kratkij obzor vneshnej trgovli cherez Zapadnuju Sibir' v 1851–1860 gg. Zapiski IRGO. Kn. 3. Venjukov M. – SPb.: 1861. – 161–186 s.

Kraft I. I. Cbornik uzakonenij o kirgizah ctepnyh oblactej. Orenburg, 1898. - 532 c., 161-bet.

Klimova O.G. Organizacija izuchenija istorii Sibirskogo predprinimatel'sta vtoroj poloviny XIX - nachala XX v.-Barnaul, 2021.-334b.

Kumarova B.M. Tatarskaja mechet' goroda Zajsana // sayt Vostochno-Kazahstanskogo oblastnogo arhitekturno-jetnograficheskogo i prirodno-landshaftnogo

- muzeja-zapovednika. URL:
https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (zhygingen kyni: 03.10.2010).
- Kazakstan Respublikasynyn memlekettik ortalık arhivi. (KR OMA). K.64. T.1. Is.299. B.126-132.
- KR OMA, K.64. T.1. Is.5895. B.15-26
- KR OMA, K.15. T.1. Is.518. B.2
- Karamsakov A. Y. Altajskij. Abiat Gahidija. // Shugyla - №4. – 1987. – 81-92 b.
- Kasymbaev Zh.K. Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 g. Social'no-jekonomicheskij aspekt. – Alma Ata: Fylym, 1990. – 184 s.
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej v 13 t. / Svod materialov po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannyh i razrabotannyh Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej. – SPb., 1898-1906.
- Opisanie Zapadnoj Sibiri. T. 3. Sibirsko-kirgizskaja step'. Zavalishin I. – M: SPb., 1867. – 145 s.
- Ospanova R.R. Zaisan kalasy men attas uezinin kalyptasuy zhane damu tarihy (1868-1917zh.zh.). Əleumettik-jekonomikalık zhəne mədeni aspektleri: t.f.k. dis., 2003.
- Ospanova R.R. Kazakstan kalalarynyn tarihy (HIH ғасырдың birinshi zhartysy XX ғасырдың basy. Shygys Kazakstan materialdary negizinde): t.f.d. dis., 2007.
- Potanin G.N. Materialy dlja istorii Sibiri. – M., 1867.
- Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy s dnevnika. M., 1989. - 749 s.
- Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti. T. 2. / Zhivopisnaja Rossija, Potanin G.N. – SPb.: –1884.
- Sundetov S.A. Torgovlja v Kazahstane v nachale HH veka. Kazahstan v kanun Oktjabrja. – Alma-Ata, 1969.
- Torgovoe dvizhenie mezhdju Zapadnoj Sibir'ju, Srednej Aziej i Kitajskimi vladenijami. Zapiski ZSO IRGO. Kn. 3. Balkashin N. – Omsk, 1881. – 1-32 s.
- Finsh O. Puteshestvie v Zapadnuju Sibir': s ris. v tekste / Finsh O., Brjem A. – Moskva: M.N. Lavrova i K°, 1882. – 578 s. Jelektronnaja kniga. URL: https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white
- Chernikov V.S. Jevoljucija social'nogo i nacional'nogo sostava naselenija severnyh gorodov Kazahstana v XIX – HH vv. Problemy social'no-jekonomicheskogo i jetnodemograficheskogo razvitija gorodov Kazahstana. – Alma-Ata, 1985.
- Chernyh S.E. Odnə no plamennaja strast'. - Alma-Ata: Kazahstan, 1986. – 156s.
- Chernyh S.E. S beregov Irtysha. - Alma-Ata: Kazahstan, 1981. – 287 s.
- Chulanov G. Promyshlennost' dorevoljucionnogo Kazahstana. (Istoriko-jekonomicheskij ocherk. – Alma-Ata, 1960.
- Shoinbaev, T. Zh. Dobrovol'noe vhozhdenie kazahskih zemel' v sostav Rossii. – Alma-Ata: Kazahstan, 1982. – 279 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Кариева Тоты Амангельдиевна – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ КеАҚ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

Сайранбекова Ұлжан Сайранбекқызы – тарих пәні мұғалімі, Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімінің №50 IT-мектеп лицейі, Семей, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кариева Тоты Амангельдиевна – кандидат исторических наук, главный научный сотрудник Научного центра «Отырар кітапханасы» НАО им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

Сайранбекова Ұлжан Сайранбековна – учитель истории, №50 IT-школа-лицей отдела образования города Семей, управление образования Абайской области, Семей, Казахстан.

Information about authors:

Karieva Toty Amangeldiyevna – Candidate of historical sciences Chief Researcher at the Otyrar Kitapkhana Scientific Center of the L. N. Gumilyov National Academy of Sciences, Astana, Kazakhstan.

Sairanbekova Ulzhan Sairanbekkyzy – history teacher, № 50 IT School-Lyceum, Semey City Education Department, Abai Region Education Administration, Semey, Kazakhstan.